

3 наурыз 2025 жылы Инновациялық білім беру факультеті, Психология және педагогика кафедрасының профессор-оқытушылары, студенттер мен магистранттарына «Эмоционалды интеллект және тұлға тану» ғылыми мектебінің наурыз айына жоспарланған **«Эмоционалды жағдайларды тану қабілетін дамыту технологиясы»** тақырыбында мастер-класс өтті.

Мастер-классты өткізуге «Кәсіптік бағдар - Болашақты таңда және басқар» жобасының координаторы, Педагог-коуч. «Ericsson international» канадалық мектебінің сертификатталған Эмоционалды интеллект бойынша жаттықтырушысы Малекова Алтын Шақуовна қатысты.

Мастер-класстың мақсаты: адамдардың әртүрлі ситуациялық жағдайлардағы эмоциясын мимикасы, қимыл-қозғалысы, дауысы, жүріс-тұрысы арқылы танып білудің және онымен қалай жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсете отырып, практикалық жаттығулар ойын, терапиялық жаттығулар түрінде жасалды.

Мастер-классқа кафедра профессор-оқытушылары мен студенттер қатысып, өз әсерлерімен бөлісті.





